



Magjan juldzy

6+

Магжан Жұмбаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 15 (866) 17 сәуір 2025 жыл

www.facebook.com/Magzhan zhuldizi

https://vk.com/Magzhan zhuldizi

e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

Бүгінгі таңда қалада қоршаған ортаның тазалығына, экологияның жақсаруына, қаланың көркейіп, тұрғындардың денсаулығына тікелей әсер ететін шараларға ерекше мән берілуде. Әсіресе «Таза Қазақстан» акциясы аясында өтіп жатқан себепшіліктер қала тұрғындарының арасында экологиялық мәдениетті қалыптастырып, табиғатқа деген жауапкершілікті арттыруда маңызды рөл атқарып келеді.

ҚАЛА ТАЗАЛЫҒЫ - ОРТАҚ ІС

14 сәуір күні аудан әкімдігінің мәжіліс залында аудан әкімі Рахат Смағұлов Булаев қаласының кәсіпкерлерімен кездесіп, абаттандыру мәселелерін пысықтады.

Кездесу барысында аудан басшысы кәсіпкерлік нысандарының санитарлық жағдайы мен іргелес аумақтарын абаттандыру мәселелеріне назар аударды.

Кәсіпкерлермен бірлесіп, проблемалық учаскелерді қарастырып, оларды шешу жолдарын айқындады.

Жиында төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, полиция бөлімінің бастығы сөз сөйлеп, өрт қауіпсіздігі және абаттандыру қағидалары жайында ақпарат беріп, ескертулер жасады.

Кездесу қорытындысы бойынша кәсіпкерлерге тәртіп орнату бойынша төмендегідей ұсыныстар берілді:

- Объектілерге, қоймаларға, әкімшілік ғимараттарға және сауда орындарына іргелес аумақтарды тиісті санитарлық жағдайға келтіру.
- Қоқстарды үнемі шығаруды, арамшөптерді шабууды, қоршаулар мен қасбеттерді бояуды қамтамасыз ету.
- Болашақта - тазалықты тұрақты негізде сақтауды қамтамасыз ету және абаттандыру ережелерін қатаң сақтау.

ЫЛҒАЛ ЖАПҚАНЫҢ ЫРЫСЫ МОЛ



Магжан Жұмбаев ауданының диқандары көктемгі егіс жұмыстарына дайындық аяқтан айында бастап, қазір сақдай сай техникамен ерте көктемдегі жауынты науқан - ылғал жабуға ірісіп кетті. Ауа райының күрт жылынуына срай, диқандар алқаттағы ылғалды сақтан қалу үшін атаған жұмыстарды ширата түсуде. Өйткені күзде алатын мол егіннің келілі де - осы уақытылы ылғал жабуы.

Жазғасы 4-бетше.

АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

КӨКТЕМГІ ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫ МЕН СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ

Алғашқы сұрақ бойынша қорғаныс істері жөніндегі бөлімнің басшысы Нұржан Мелдебеков баяндама жасады. Оның айтуынша, ҚР Президентінің 2025 жылғы 13 ақпандағы №782 «Әскери қызметтің белгіленген мерзімін өтеген мерзімді әскери қызметтің әскери қызметшілерін запасқа шығару және Қазақстан Республикасы азаматтарын наурыз-маусым, қыркүйек-желтоқсан айларында мерзімді әскери қызметке шақыру туралы» Жарлығына сәйкес, елімізде көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру басталды.

2025 жылдың 10 қаңтарымен мен 28 ақпан аралығында 2025 жылғы көктемгі әскерге шақырылуға жататын әскерге шақырылушыларды зерделу және алдынала іріктеудің бірінші (дайындық) кезеңі өткізілді.

Биыл әскери қызметке шақырылуға 159 әскерге шақырылушы жатады, ауданға көктемгі шақыруға арналған наряд 36 адамды құрайды. Жоспар бойынша ҚР ҰҚК Шекара қызметіне - 2, ҚР Қарулы Күштер қатарына - 17, ҚР Ұлттық Ұлан қатарына - 17 әскерге шақырылушы шақырылған.

Бүгінгі күні еі жүзінде 4 жас жігіт мерзімді әскери қызметке шақырылды: оның біреуі - Шекара қызметіне аттанса, 3-уі Қарулы Күштер қатарына жіберілді.

2025 жылғы 15 сәуірдегі жағдай бойынша аудандық медициналық комиссияға 110 адам келді, оның ішінде әскери қызметке жарамдысы - 51 адам. Қалған 59 бала облыс орталығындағы медицина мекемелеріне сала мамандарының қайта тексеруіне бағытталды, - деді Нұржан Беркімбаевты.

15 сәуір күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен кезекті аппараттық кеңес өтіп, онда көктемгі әскерге шақыру науқанын өткізу және ауданның елді мекендерін сумен қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы мәселелер қаралды.

— әр ер азамат үшін парыз тақырыбында көрнекі ақпарат іліп, әлеуметтік желілерде бейнероликтер жариялау керек. Жастармен кездесулер өткізіп, патриоттық іс-шаралар өткізуі қажет. Медициналық комиссия өз жұмысын лайықты орындап, өз жұмысын сапалы өткізуді тапсырамын. Көктемде шақырылатын 36 адам жоспарға сәйкес ҚР Қарулы күштер қатарына жіберуді бақылауды ұстау қажет, - деді Рахат Назымбекұлы.

Екінші сұрақ бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев ақпарат ұсынды. - Аудандағы елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету ұзындығы 570,16 шақырым болатын «Есіл су» РМК Булаев магистральдық су құбыры басқармасымен және 420,1 шақырым су тарту желісімен ұсынылған. 57 елді мекеннің 56-сы орталықтандырылған сумен жабдықтауды пайдаланады, тек Александровка ауылында су буру мен объектінің апаттылығына байланысты су берілмей тұр, тұрғындар қазір жергілікті су көздерінен су пайдаланауда.

Өткен жылы Таманское және Новотроицкое ауылдарында екі сумен жабдықтау нысандарының құрылысы аяқталды. Ағымдағы жөндеумен Ногайбай, Береке, Чистое, Возвышенка, Куломзино, Пролетарка, Бөйтерек, Бастомар, Лебяжье, Веселовка және Полудино ауылдарындағы он бір нысан қамтылды.

Ағымдағы жылы сумен жабдықтауды жөндеуге 348 482,8 мың теңге бөлініп отыр, облыстық бюджеттен (Октябрьское ауылында су тарту желілері мен су құбыры құрылыстары алаңының құрылысын аяқтау, Қарағанды ауылында тартушы желілер мен су құбыры құрылыстары алаңының құрылысын аяқтау, Булаев қаласындағы су құбыры құрылыстарын

қайта жаңарту. Қарақоға ауылындағы су қысымы құрылыстарының алаңын қайта жаңарта отырып, тарту желілерін салу. Успенка ауылында су құбыры құрылыстары алаңын салу. Лебяжье ауылындағы сумен жабдықтауды ағымдағы жөндеу (конкурс жарияланбаған). Достық ауылындағы су қысымы құрылыстарының алаңын ағымдағы жөндеу (конкурс жарияланбаған). Булаев қаласында сумен жабдықтауды ағымдағы жөндеу (конкурс жарияланбаған) 332 982,8 мың теңге бөліне, аудандық бюджеттен (Полтавка ауылындағы су мұнарасын ағымдағы жөндеу - 2,0 млн. теңге. Булаев қаласында су тарту желілеріне техникалық қызмет көрсету-1,0 млн. теңге. Булаев қаласында сумен қамтамасыз ету бойынша қызметтер - 5,0 млн. теңге. Булаев қаласында құдықтар мен гидранттарды жөндеу және орнату жұмыстары-5,0 млн. теңге. Чистовское және Пролетарка ауылдарында су тарту желілеріне техникалық қызмет көрсету - 500,0 мың теңге. Бастомар, Писаревка, Веселовка ауылдарында су тарту желілеріне техникалық қызмет көрсету - 1,0 млн. теңге. Лебяжье ауылының су тарту желілеріне техникалық қызмет көрсету - 1,0 млн. теңге) 15,5 млн. теңге бөлінді.

Булаев қаласы бойынша «Булаев су» ЖШС су беру тарифі: жеке тұлғалар үшін - 156 теңге, жеке кәсіпкерлер үшін - 1079 теңге, бюджеттік ұйымдар үшін - 6793 теңге. Абоненттер саны - 3160, оның ішінде НПС кенті - 80, барлығы 2269 желіге қосылған.

Аудан бойынша барлығы субсидияланған ауыз суға қажеттілік 584 400 м3 құрайды, сондай-ақ бюджеттік ұйымдардың, ЖШС, шаруа және фермер қожалықтарының, жеке кәсіпкерлердің объектілерін күтіп-ұстау қажеттілігі үшін қажеттілік 89 783 м3 құрайды.

Сондай-ақ Пролетарка (192 249,4 мың теңге), Придорожное (453 539,0 мың теңге)

және Золотая Нива (580 406,0 мың теңге) ауылдарын сумен жабдықтау объектілерін салу мен реконструкциялаудың жобалау-сметалық құжаттамалары бар, энергетика және ТКШ басқармасына жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгеге бюджеттік өтім берілді.

Өткен жылы РЭУ-3, РЭУ-4 - 51,9 км авариялық учаскелерін қайта жаңарту басталды, Придорожное-Қарағанды-Чистовское учаскесін ауыстыру (39,3 км төселді, тапсыру мерзімі ағымдағы жыл), Придорожное-Возвышенка (33,5 км, тапсыру мерзімі ағымдағы жыл), мердігер «Айсу Мелиарация» ЖШС.

Сондай-ақ, РЭУ-3 апаттық учаскесінің «Есіл су» филиалы Успенка ауылына 9,3 км апаратын тармаққа жөндеу жүргізді (жұмыстар аяқталды).

Ағымдағы жылы Придорожное-Сарытомар тармағын жөндеу жоспарланған, - деді Асхат Жаңбырбайұлы.

Аудан әкімі 2024 жылы 5 қарашада мемлекеттік ұйымдарға субсидияланған суды төлеу үшін «Булаев су» ЖШС-мен шарт жасасу бойынша хаттамалық тапсырма берген болатын. Осылайша, 2025 жылға жасалған шарттардың жалпы саны 33 мемлекеттік шарт және 101 жеке кәсіпкерді құрап отыр.

- «Булаев су» ЖШС абоненттердің заңсыз қосылуына жол бермеу керек. Бірмен шарт жасасу қажет. Булаев пен ауылдық округ әкімдеріне халықпен суды тиімді пайдалану бойынша жұмыстар жүргізіп, тұтынып су үшін төлеуім жинауды қамтамасыз ету қажет. Мүдделі тұлғалар - экономика және қаржы бөліміне, ТКШ бөліміне, мансап орталығына сумен жабдықтау объектілерін күтіп ұстауға талдау жасап, қаржыландыру алгоритмін жасау керек.

Сондай-ақ Достан Тасмағанбетовке сумен жабдықтау объектілерінде құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізуді бақылауға аудуды және уақытлы орындауын қамтамасыз етуді тапсырамын, - деді Рахат Назымбекұлы.

Кеңес соңында талқыланған сұрақтар бойынша тиісті хаттамалар қабылданды.



ОҢ НӘТИЖЕЛЕРМЕН ҚАТАР, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ДЕ БАР

Алғашқы болып дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Қанат Мұсатаев баяндама жасап, өткен жылы атқарылған жұмыстарға тоқталды. Оның айтуынша, ауданда барлығы 119 спорт ғимараты бар.

- Бүгінгі таңда Булаев қаласында 1 стадион бар. Жазықтықта орналасқан спорт құрылыстарының саны 57 бірлікті құрайды, атап айтқанда, 13 баскетбол, 14 волейбол, 29 футбол алаңы (оның 18-і - жасанды жабындысы бар шағын футбол алаңы). Аудандағы елді мекендерде 15 хоккей корты бар (оның ішінде 5-уі пластиктен жасалған - Қарақоға, Образец, Булаев, Бастомар және Булаев қаласындағы жабық мұз айдыны) және 1 дене шынықтыру-сауықтыру кешені (Булаев қаласында).

Аудандағы спорт залдарының саны 37 бірлікті құрайды (4-уі өлшемі - 24х12 метр және 33-уі өлшемі - 9х18 метр), оның 34-і аудан мектептерінде, 2-і жеке меншікте (Советское АМУ, Қарақоға АМУ). Булаев қаласында Батыр Баян атындағы ДСК орналасқан.

Бүгінгі таңда ауданда спорт нысандарын салу бойынша жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Мәселен, соңғы жылдары Полудино ауылы мен Булаев қаласының солтүстік жағындағы көпфункционалды алаңдар, Советское ауылындағы хоккей алаңы, орталық стадиондағы воркаут аймағы сияқты барлығы 14 спорт нысаны салынды. Алдағы жылы Қарақоға ауылы мен Ногайбай ауылында, сондай-ақ Булаев қаласында колледж аумағында денешынықтыру сауықтыру кешенін салу жоспарлануда.

Ауданда спорт қызметкерлерінің жалпы саны - 95, оның ішінде ауылда - 74, оның ішінде ауданның жалпы білім беретін мектептерінде дене шынықтыру мұғалімдерінің саны 61 адамды, оның ішінде ауылда 50 адамды құрайды. 61 мұғалімнің дене шынықтыру білімі бар (жоғары білім - 52 адам, орта арнаулы - 9 адам).

Жыл сайын ауданда есепті жылы 150-ден астам спорттық-бұқаралық іс-шаралар өткізіледі. Ауданның жарыстарды өткізу қорытындысы бойынша облыстық жарыстарға қатысу үшін ауданның құрама командалары жасақталады. Аудандық және облыстық деңгейдегі бұқаралық спорт түрлері - бұл нағыз халық спорты ойындары болып табылады.

Жыл сайын «Ақ бидай - 2025» сияқты спартакиадалар өткізіледі, ол биыл Возвышенка ауылында жоспарланған, облыстық кезең 09-12 шілде аралығында Тайынша ауданында өтеді.

«Үміт» аудандық спартакиада 16 сәуірде Булаев қаласының Батыр Баян спорт кешенінде өткізіледі, облыстық кезең 30 сәуір мен 03 мамыр аралығында өтеді.

Ұлттық спорт түрлері бойынша спартакиада 7 мамыр күні Қарақоға ауылында өткізу жоспарланған. Жалпы көкпар, аудараспақ, аламан бөгіе (1200 метрге және 3200 метрге), қазақ күресі, тоғызқұмалақ, бес тас және асық ату сияқты спорт түрлері бойынша жарыстар өткізу жоспарланған отыр.

Осы доданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері 18-21 маусым аралығында Аққайың ауданында өтетін облыстық кезеңде аудан намысын қорғайтын болады.

Ал «Жастар - 2025» облыстық спартакиада 7-9 тамыз аралығында біздің Булаев қаласында өтеді.

11 сәуір күні аудан әкімдігінде дене шынықтыру және спорт саласына арналған кеңейтілген отырыс өтті, оған аудан әкімі Рахат Смағұлов, аудан әкімшісі, спорт ардагерлері, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері, спорт әдіскерлері және қоғам өкілдері қатысты.

2024 жылдың қорытындысы бойынша халық спорты ойындарының облыстық кезеңінде аудан спортшыларының өнер көрсетуін талдасақ, «Солтүстік» - 7-ші орында, «Үміт» - 13-ші орында, «Қызылжар» - 12-ші орында, «Ақ бидай» - 6-шы орында және «Жастар» - 5-ші орында.

Барлық 5 жарыстың қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданы облыстың 13 ауданының ішінен 10-шы орынды иеленген.

2025 жылы Ақжар ауданында халық спорты ойындарының бір түрі - «Солтүстік - 2025» қысқы спорт мерекесі өтті, онда Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы жалпыкомандалық есепте 5-ші орынға тұрақтады, - деді Қанат Мерекеұлы.

Баяндаушы өз сөзінде облыстық және республикалық жарыстарда өнер көрсетіп, жүлдегер атанған командалар мен спортшыларға тоқталып, спорт саласында өзекті мәселелерді тізіп өтті.

Мәселен, ауданда спорт әдіскерлері, жаттықтырушылар, өсіресе, ұлттық спорт түрлері бойынша мамандар жетіспейді. Соның салдарынан облыста біздің ауданның командасы жоғары жетістіктерге жете алмай отыр. Одан қалды, кейбір ауылдық елді мекендерде орналасқан спорт нысандарын лайықты деңгейде күтіп ұстау жұмыстары нашар жүргізіліп, ересектер үшін спорт залдары толық жұмыс жасамайтын көрінеді.

- Ауылдықтарды дене шынықтыру мен бұқаралық спортқа тарту үшін өр округте спорт әдіскерлері жұмыс істеуі керек. Тиісінше, жергілікті әкімдік пен шаруашылықтар округ командасына қолдау көрсетіп, аудандық жарыстарға жиі жіберіп тұруы керек. Қажет болса, спорт мамандарын сырттан тартып, олардың тұрғын үймен, тұрақты жұмыспен қамту бойынша нақты жұмыстар жүргізу керек.

Ауылдық округ әкімдеріне, білім, дене шынықтыру және спорт бөлімдеріне спортшыларды қажетті құрал-жабдықтармен (спорт залдарымен, доптармен, спорт киімдерімен және тағы да басқалармен) қамтамасыз етіп, спорт нысандарын лайықты деңгейде ұстауды тапсырамын. Бұл мәселе ауылдағы әкімдіктен, мектептен, шаруашылықтан бірге жұмылып жұмыс істеуді талап етеді. Сондықтан біз жыл басында жасалған әріптестік меморандумдар аясында бұл жұмыстарды бірлесіп іске асыруымыз қажет, - деді Рахат Назымбекұлы.

Отырыста балалар арасындағы спорты дамыту сұрақтары да қаралып, қосымша білім беру орталығының директоры Аслан Бралин сөз сөйледі. Оның мәліметінше, өткен оқу жылында 36 оқу тобы жұмыс істеп, оқушылардың жалпы саны 630 баланы құраған екен.

- Оқушылар арасында аудандық спорттық іс-шаралардың бекітілген күнтізбелік жоспарына сәйкес, қосымша білім беру орталығы аудандық білім бөлімінің әдіскерімен бірлесіп аудандық деңгейдегі 27 жарыс өткізді, облыстық жарыстарға қатысу үшін үздік спортшылар іріктелді. 2023-2024 оқу жылында біз оқушылар арасында «Жастар» облыстық кешенді спартакиадасына қатысып, жарыстың 14 түріне бақ сынады. Сонымен қатар, біздің жас

спортшылар «Ақшақар» облыстық кешенді спартакиадасына да қатысып, спорттың 11 түрінен өнер көрсетті. Айта кетуі керек, осы екі облыстық жарыста біздің аудан жүлделі үшінші орынға ие болып, кубоктармен және III дәрежелі дипломдармен марапатталды, - деп Аслан Атығайұлы оқушылардың жеткен жетістіктеріне тоқталды.

Айтулы жетістіктерге қарамастан қосымша білім беру орталығында жас спортшыларды жарыстарға апаратын автокөлік жоқ.

- Білім бөліміне облыстық білім басқармасына жаңа автокөлікке бюджеттік өтінім беруді тапсырамын. Балалар жарыстарға көбірек қатысуы арқылы шыңдалып, бәсеке қабілетті болып өседі. Жалпы орталықта жаттығатын жасөспірімдердің жеткен жетістіктері көңіл қуантады. Дегенмен, орталықта қосымша ауыр атлетика, конькимен жүгіру спорты мен бес тас спорт түрлері бойынша үйірмелер ашу қажет, - деді Рахат Смағұлов.

Содан кейін жиында балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Еркем Исмағұлов сөз алып, мектеп тәрбиеленушілерінің қол жеткізген спорт нәтижелерін тілге тиек етті. Оның апаратынша, мектепте 6 жастан 18 жасқа 501 оқушы оқиды.

- БЖСМ 33 оқу тобы бар, балалармен 25 жаттықтырушы-оқытушы айналысады. Оқу сабақтары 8 ауылдық және Булаев қаласындағы 4 мектеп базасында өткізіледі.

Мектепте грек-рим және еркін күрес, шайбалы хоккей, бокс, жеңіл атлетика, шаңғы жарысы, футбол, волейбол, баскетбол, қазақ күресі сияқты спорттың 10 түрі бойынша оқу-жаттығу сабақтары өткізіледі.

Мектепте 6 штаттық жаттықтырушы-оқытушы және 19 штаттан тыс жаттықтырушы-оқытушылар жұмыс істейді. 25 жаттықтырушы-оқытушылардың ішінде 4-уі - II санатты. Жоғары білімі бар 23 жаттықтырушы-оқытушы, арнайы орта білімнен 2 жаттықтырушы бар.

2022 жылы 16 орындағы «Next A65R35» газелі сатып алынған болатын. Балаларды жарыстарға осы автокөлікпен тасымалдаймыз. 2024 жылы біздің оқушылар 32 облыстық (тек БЖСМ оқушылары арасында өткізіледі), 3 республикалық жарысқа және 1 ҚР чемпионына (грек-рим күресі) қатысты.

Сондай-ақ, біздің тәрбиеленушілер бокстан, еркін және әйелдер күресінен, волейболдан, шаңғы жарысынан және грек-рим күресінен ел чемпионаттарында облыстың құрама командалары құрамында өнер көрсетеді.

2024 жылы біздің мектеп 10 спорт шеберіне кандидат және I разрядты 12 спортшы және жалпай разрядтағы 29 спортшы дайындап шығарды, - деді Еркем Кішібайұлы сөзін қорытындылап.

Кездесу барысында БЖСМ қырық жылдан астам жаттықтырушы-оқытушы болып еңбек етіп, көптеген спортшы тәрбиелеп келе жатқан Александр Тарабин аудан әкімінен қаланың солтүстік жағында шаңғы трассасын жасап беруді сұраса, тәжірибелі ұстаз Валерий Кондратов та Возвышенка ауылында спорт кешенін салып беру сұрағын қарастыруды өтінді.

Ал ауыр атлетика спортының ардагері, әлі де бір спортынан ардагерлер арасында табысты өнер көрсетіп келе жатқан Ерік Әлібаев аудан басшына спорт саласына үлкен назар аударып, оның төңірегіндегі мәселелерді шешуге арналған жиын өткізіп жатқанына ризашылығын білдірді. Президенттік кепсайсы бойынша жаттығатын атақты спортшы Василий Подмогильный оқушылар арасында ғана емес, сонымен қатар, ересектер арасында да әртүрлі бұқаралық жарыстар өткізіп тұру қажеттігін жеткізді.

- Булаев қаласының әкіміне ТКШ және автомобиль жолдары бөлімімен бірлесіп, шаңғы спортына арналған трассаны тиісті жағдайға келтіруді, атап айтқанда, барлық бузушылықтарды жою, күрделілікті арттыру үшін жасанды кедергілер жасау, тәуліктің қараңғы уақытында жаттығуға арналған жарықтандыруды орнатуды тапсырамын.

Сонымен қатар, БЖСМ үшін негізгі қадамдардың бірі велоспорт топтарын ашу болып табылады. Бұл балаларға арналған спорттық мүмкіндіктерді кеңейтуге, белсенді және салауатты өмір салтына көбірек жастарды тартуға, сондай-ақ спортшыларды облыстық және республикалық жарыстарға қатысуға дайындауға мүмкіндік береді. Сондықтан балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне 2025 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде жоспар әзірлеп, топ ашуға өтінім беруді тапсырамын, - деді аудан әкімі.

Алқалы жиынды қорытындылаған Рахат Смағұлов аудан спорт саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізгенімен, бірқатар өзекті мәселелер бар екенін ашып айтты.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында 2024 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Әділ Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауын жариялаған болатын. Мемлекет басшысы өз сөзінде бұқаралық спорт пен салауатты өмір салтын дамытудың маңыздылығын атап өтіп, тапсырмаларды тізіп өткен еді. Мемлекет басшысы: «Өздеріңіз білетіндей, мен бұқаралық спортты дамытуға көп көңіл бөлемін. Онсыз дені сау жастарды тәрбиелеу және бүкіл ұлттың денсаулығын нығайту мақсатына қол жеткізу мүмкін емес», - деген болатын.

Құрметті спорт саласының қызметкерлері, тек бірлікпен және бірлескен жұмыстың арқасында біз ауданымыздың спорттық өмірінде жоғары нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Бұл ересектерге да, ескелең ұрпаққа да қатысты, олар біздің ауданның, облысымыздың және республикамыздың намысын әртүрлі спорт түрлерінен халықаралық аренада абыроймен қорғайтынына сенімдімін.

Сіздердің еңбектеріңіз бен өз істеріңізге деген адалдықтыңыз сәттіліктің негізі болып табылады. Біз бірге жаңа жеңістерге дайын мықты спорт командасын құра аламыз. Біз нәтиже үшін жумала жұмыс істеп, басқаларға үлгі болу үшін бір-бірімізді қолдаймыз деген ойдымыз, - деді кеңейтілген отырысты қорытындылаған аудан әкімі.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

С МЕРЕЙТОЙ

ҚЫРЫҚ ЖЫЛ ӨМІРІН БІЛІМ БЕРУГЕ АРНАҒАН

Александр Барсуков – ауданға ұлағатты ұстаз әрі тәжірибелі басын ретінде танымал тұлға. Ол қырық жыл өмірін білім беруге арнап, соның ішінде 33 жыл бойы №2 Булаев орта мектебін басқарған.

Білім ордасы қиын жылдары аяғында нық тұрып, Тәуелсіздік жылдары айтарлықтай жетістікке жеткен болатын. Мектеп оқушылары біліммен суындап, қаланың мәдениет және спорт саласына елеулі үлес қосып, бүгінгі таңда мемлекеттік қызметте де табысты еңбек етіп жүр. Александр Михайлович биология пәнінің мұғалімі ретінде мектеп аумағын абаттандыруға үлкен көңіл бөліп, жас ұрпақты еңбекке баулып, табиғатты аялауға дәрiптeдi.

75 жасқа келіп отырған кейiпкерiмiз өлi күнге дейiн заман ағысымен бiрге жүрiп, ауданның қоғамдық өмiрiне белсендi араласуда. Мәселен, ол ауданның қоғамдық кеңесiнiң мүшесi, әлеуметтік мәселелер жөнiндегi комиссияның мүшесi ретiнде көптеген мәселелердi көтерiп, оның шешiм табуы үшiн еңбектенген жанашыр жан.

Аудан және қала әкiмдерiне абаттандыру бойынша, ұстаздарға жас ұрпақты тәрбиелеу бойынша ақыл-кеңестерiн ашық айтатын белсендi қоғам қайраткерi.

А.М. Барсуков – ауданның тумасы, ол Куломино ауылында туып өскен. Еңбек жолын ауылда қарапайым еңбек пәнiнiң мұғалiмi болып бастаған. Кейiн К.Ушинский атындағы педагогикалық институттың жаратылыстану-география факультетiн сырттай бiтiрген. Жоғары бiлiм алған ол Булаев жұмысшы жастарының кешкi мектебiнiң директо-



Өткен астанада ауданның білім саласына еңбек сіңіріп, қолдауға өміріне белсене араласқан Хортия Александр Михайлович Барсуков 75-жылдық мерейтойына атап өтті. Осыған орай, аудан әкімі Рахат Еспағұлов, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сатығұлыұлы, аудан өкілінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі өрiн басары Азамат Мәріпiев мерейтойына өзiнiң құрметiмен, лайықты сыйлықтармен қорсеттi.

ры болып тағайындалады. Содан кейiн зымына ауыстырылады. 1984 жылы Александр Михайлович

№2 Булаев орта мектебiнiң директо-ры қызметiне келiп, оны 33 жыл бойы басқарады. Тәжірибелi ұстаздың жалпы педагогикалық еңбек өтiлi – 44 жыл өскен.

Александр Барсуков «Бiлiм туралы» жаңа заңды өзiрлеу тобына (Парламент Мәжiлiсiнде) кiрiп, көп жылдар бойы ол аудандық мәслихаттың депутаты болғанын атап өткен жөн. Сонымен бiрге, өмiрлiк тәжірибесi мол тұлға ауданда жастармен жұмыс жөнiндегi әлеуметтік мәселелер жөнiндегi комиссияның төрағасы, көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөнiндегi аудандық комиссияның мүшесi, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнiндегi комиссияның мүшесi, жас мамандарға материалдық көмек көрсету жөнiндегi комиссияның мүшесi болып, жалпы қоғамның игiлiгi үшiн белсендi жұмыс жасаған жан.

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу iсiндегi зор еңбегi үшiн Александр Михайлович аудан өкiмi мен бiлiм басқармасының көптеген грамоталарымен марапатталған, ағарту iсiнiң үздігі атанған құрметтi педагог.

Александр Барсуков айрықша ерекшелiгi – адамдардың өмiрiне, шөкiрттерiнiң тағдырына бей-жай қарамайды. Мұндай адамдар бар уақытын адамдардың игiлiгi үшiн жұмсап, бүкiл қоғамға, өз елiне, балаларына пайда өкелеу тiрысады.

А.М. Барсуковтың өсиетi – бiздiң қаламыздың, ауданымыздың тарихында лайықты орын алып отырғаны шындық. Ендеше, мерейтойын атап өткен қарияға мықты денсаулық, қажымас қайрат, таусылмас күш-қуат тiлеймiз.

ЕГІС - 2025

ЫЛҒАЛ ЖАПҚАНЫҢ ЫРЫСЫ МОЛ

Жалғасы, басы 1-бетте.

Қазір «Писаревское Агро» ЖШС егістік алқаптарында үш «John Deere» тракторы «Эльмир», «Degelman» және «Summers» агрегаттарын тіркеп, жаңа техника танапта жүйткіп жүр.

Серіктестік директоры Жамбыл Қамытағайұлының айтуынша, егіншілердің дәл қазіргі мақсаты - ылғалды ысырап қылмай, дер кезінде ылғал жабу жұмысын ұйымшылдықпен өткізу.

Жалпы Президенттің бұйрығымен Ауыл шаруашылығы министрлігі көктемгі дала жұмыстарына дайындалу үшін шаруаларды қаржыландыруда орақ науқанынан кейін бастап кетті. Дикандар үшін бұл үлкен қолдау. Сондықтан біз қажетті техника мен құрал-саймандарды, жанар-жағармай мен минералды тыңайтқыштар алдын ала сатып алдық. Сонымен қатар, қыста қар тоқтату жұмыстарын жүргізіп, қазір кепкен егістік учаскелерінде ылғал жабуды іске асырып жатырмыз, - дейді Жамбыл Қабдоллаұлы.

Аталмыш шаруашылық егін себуда максималдық нәтиже технологиясын қолданады екен. Алдымен егістіктерде ылғал жауып, химиялық өңдеу жүргізіп, кейін дәнді дақылдар себуге кірісетін көрінеді.

Жалпы мамандардың айтуынша, топырақтағы ылғалды жабудың пайдалы тұстары шашатектен екен. Біріншісі, топырақтағы ылғалды сақтаса, екіншіден өсімдік қалдықтарын ұсатып, сініріп жібереді. Кепкен кесектерді қопсытып, топырақтың биологиялық белсенділігін арттырып, жердің демалуына мүмкіндік бермек.

Алғашқы жер қызумен қылтып өсе бастаған арамыш атаулыны жояды. Олардың тұқымдарын құртады. Жерде қыстап қалған өркілі зиянкестердің дернәсілдері жойылады.

«Писаревское Агро» ЖШС егін егу науқанына 100 пайыз дайын. Биыл 14663 гектар алқаққа егін егуді жоспарлап отыр, соның ішінде 5687 га – бидай, 1828 га – арпа, 1308 га – рапс, 3608 га – зығыр, 432 га – сулы. Жалпы біз «Алабұға», «Квинтус» сияқты бидай тұқымын, «Овертур» арпа түрін, «Северный» зығыр дөнін және «Пионер» рапс тұқымын егетін боламыз.

Тұқымдарды алдын ала өңдеп, 1 гектар аумаққа 50 кг «Аммофос» минералды тыңайтқыштарын пайдаланамыз. Осылайша, барлық агротехникалық өдіс-тәсілдерді тиімді әрі уақытылы қолдана отырып, біз жоғары өнім алуға тырысамыз. Өткен жылғы мол өнім – соның айғағы.

Мәселен, өткен күзде бидайдан гектарына 27,5 центнер, арпадан гектарына 30 центнер, сұлыдан гектарына 41 центнер, рапстан гектарына 19,4 центнер, зығырдан гектарына 14,6 центнер және жасымықтан гектарына 21 центнер өнім алдық, - дейді шаруашылықтың бас агрономы Ахат Сәдуақасов.

Әрине, мол өнім алуға жоғарыөнімді заманауи техниканың да қосар үлесі зор. Серіктестік көктемгі дала жұмыстары, химиялық өңдеу, орақ науқаны және басқа да жұмыстар кезінде жаңа техникаларға жүгінеді. Бұл Үкімет пен облыс басшылығының шаруалар алдына қойып отырған басты талабы.

Ол үшін жеңілдетілген несиелер арқылы немесе лизингке алуға болады. Заман талабына сай еңбек етіп, мол өнімге кенелгісі келген дикандар Үкіметтің бұл қолдауын тиімді қолданып, техникалары мен құрал-жабдықтарын жыл сайын жаңартуда. Сөз етіп отырған «Писаревское Агро» ЖШС - мемлекет қолдауын ұтымды пайдаланып отырған іргелі шаруашылықтардың бірі.

Көктемгі егіс жұмыстарына 5 бірлік «John Deere» тракторы мен «Bougault» себу кешені, «Араше» өзі жүретін бүріккіш, «Class Axiop 940» тракторы мен тіркемелі «Horsch» бүріккіш, БТЗ-22 ауыр тісті тырма, екі бірлік К-700 тракторы, сұйық тыңайтқыштарды енгізу үшін РЖТ бөшекелері, екі бірлік «Беларусь 2022» тракторы, үш бірлік «Bougault» астық жинағыш бункері, үш бірлік КамАЗ, МТЗ-80 тракторы және 75 ауыл еңбеккері қатысады. Сондай-ақ егіс науқанына машина-трактор паркі жұмыс істеп, дөңкерлеуші, реттеуші және механик сияқты мамандар тартылатын болады. Қазір барлық техника дайын және жұмысшылар да бар, - дейді серіктестік бас инженері Қайырғелді Малғаждаров.

«Жаздың қамын, қыс ойла» деген халық даналығы бар. «Писаревское Агро» дәл осы нақыл сөзді ту етіп ұстап, қазір көктемгі егіске сақадай сай болып отыр. Жаз бойы еңбек етіп, жыл бойы азық ететін шаруалардың қызу науқанының басталуына аз-ақ уақыт қалды. Ендеше, мағжандық дикандарға, іске сәт дейміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.





Биыл 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығы аталып өтілуде. Соғыс жылдарының қайғы-қасіреті, оның жеңісі алыстағанымен, оған өз өмірлерін, денсаулығын қиғандар. Ұлы Жеңіске барлық күшін салғандар әлі естен кетпес. Соғысқа қазақ жерінен 1,2 миллионнан астам жауынгер аттанды. Олардың жартысынан көбі майданнан оралмады. Содан бері көптеген жылдар өтті, бірақ олар туралы естеліктер біздің жадымызда. Аға ұрпақтың ерлік даңқын ұмытпау және оған тағзым ету – біздің азаматтық парызымыз.

Осыған орай, аудандық орталық кітапхананың кітапханашылары Айсұлу Расқұлова мен Маржан Тұяқова Булаев мектеп-бөбекжай-

ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

бақша кешенінің оқушыларымен «Халықтың ұлы ұлдары мен қыздары» атты патриоттық сағат өткізді.

Бұл іс-шараның мақсаты - өз Отанына деген мақтаныш сезімін қалыптастырып, Ұлы Отан соғысындағы сарбаздарымыздың ерліктерін есте сақтау үшін жағдай жасау болып табылады.

Іс-шараның жүргізушілері біздің жарқын болашағымыз үшін өмір сыйлаған қазақстандық батыр ұл-қыздары туралы айтып берді, атап айтқанда, Бауыржан Момышұлының туғанына - 115 жыл, Мәлік Ғабдуллиннің туғанына - 110

жыл және Әлия Молдағұлованың туғанына - 100 жыл.

Кездесуде қазақтың қайсар батырлары туралы бейнебаяндар көрсетіліп, оқушылардың назарына библиограф Марина Марий «Төңдесі жоқ тарихи жеңіс» атты кітап көрмесін ұсынды.

Біз бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы елміз. Елімізде және жер бетінде мәңгілік тыныштық орнасын! Соғыс ардагерлерінің бізге жасаған ерен еңбегін мәңгі есте сақтайық!

Ерлан КИЛИЧБАЕВ,
аудандық орталық кітапхананың кітапханашысы.

САЖАЗУШЫ СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 125 ЖЫЛ



Өткен аптада аудандық тарихи-өлкетану мұражайында жазушы Сәбит Мұқановтың туғанына 125 жыл толуына арналған «Дәуір жаршысы» атты көрме ұйымдастырылды.

Сәбит Мұқанов - XX ғасырдағы қазақ мәдениетінің негізін қалап, түрлі жанрларда шығармалар жазған ұлттық әдебиеттің классигі. Ол қарапайым қойшыдан елдегі құрметті жазушыға дейін қиын жолдан өтті, оның пікірін халық тындады. Сәбит Мұқановтың шығармалары халық арасында кең таралған және өз отанынан тыс жерлерде де танымал. Біздің жерлес жазушының шығармашылық мұрасы бүгінгі күнге дейін үлкен сұранысқа ие. Көрме келушілерге қазақ әдебиетінің өлеміне енудің бірегей мүмкіндігі ұсынылды. Көрмеге қойылған экспонаттардың қатарына жазушының жеззаттары, оның ішінде баспа машинкасы, қолжазбалары және оны шығармашылық жолында сүйемелдеген басқа заттар енді.

Көрмені «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасының Солтүстік Қазақстан облыстық музей бірлестігі» КМҚК «Сәбит Мұқанов музей үйі» филиалы ұйымдастырып, оның меңгерушісі Әлия Сәрсекеева ер тарихи жәдігер туралы кеңінен тоқталып, мол мағлұмат берді.

Көрменің мақсаты - тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, туған өлке тарихына танымдық қызығушылықты дамыту.

КІТАП ОҚУ - ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫНА АПАРАТЫН ЖОЛ



2025 жылдан бастап жыл сайын 23 сәуірде біздің еліміз маңызды мәдени оқиғаны - ұлттық жеке басын, руханилығын және интеллектін қалыптастырудағы кітаптың ұлы ролін еске түсіруге арналған Ұлттық кітап күнін атап өтеді. Жаңа мереке қоғамда жоғары оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында үшінші ұлттық құрылтайда айтылып, Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында енгізілді.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев құрылтайда сөйлеген сөзінде кітапқа деген сүйіспеншіліктің маңыздылығын атап өтіп, көптеген елдердің оқу мен кітапқа арналған ұлттық күндерін бәр екенін атап өтті. Бұл күнтізбедегі күн ғана емес - бұл сөзге, жазушыларымызға және ғасырлар бойы қалыптасқан әдеби дәстүрге деген құрмет белгісі.

Мағжан Жұмабаев ауданының кітапханаларында ашық есік күндері, ашық әдебиеттер көрмелері, кітап көрмелері, кітапханалық сағаттар, әдеби қонақ бөлмелері, әдеби коктейльдер, әдеби байқаулар, викториналар және кітапты оқуды насихаттауға және кітапты насихаттауға бағытталған басқа да іс-шаралар өтеді.

Технология дәстүрлі оқуды барған сайын ығыстырып келе жатқан қазіргі әлемде біздің міндетіміз - кітапқа деген қызығушылықты сақтау, ескелең ұрпақта туған әдебиетке, ғасырлар даналығын сақтайтын сөзге деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Өйткені, кітап - тек білім көзі ғана емес, бұл өткен мен болашақ арасындағы көпір, бұл ұлттың рухани тірегі.

